

Аңдатпа

Диссертациялық жұмыс тақырыбы «Төмен вольтты электрлік машинасы оқшауының қызмет ету мерзімін анықтайтын әдістемелерді зерттеу» атты электр энергетикалық жүйе оқшауламасының сенімді жұмысымен байланысты. Электр машиналарының төменгі вольтты аралық оқшауламасының әр түрлі типтерінің тесу кернеуі ақау пайда болу жылдамдығының өсуімен азаяды. Бұл нәтиже электр оқшаулау жүйелерінің осы түрі үшін механикалық және электрлік төзімділіктің өзара байланысының жалпы заңы ретінде қарастырылады. Жоғары жұмыс ресурсы бар электр машиналарының орама аралық оқшауламаларын құру үшін технологиялық процесте сіндіру құрамын салқындатудың төмен жылдамдығын қолдану ұсынылады.